

МРНТИ14.01.33:

Рустемова Ж. А.,¹ Дүйсембекова А. Е.²

^{1,2} Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды, Қазақстан

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Аңдатпа

Мақалада авторлар жалпы білім беру мазмұнын жаңарту үрдістерінің қазақстандық мектеп оқулықтарындағы көрінісін қарастырады және жаңа форматтағы оқулықтарға қойылатын бірқатар талаптарды атап көрсетеді.

Қазақстандағы білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы-заман талабына сай, келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Сондай-ақ, мақалада білім беру саласындағы білім беру мазмұнын жаңартумен және оның қазақстандық оқулықтарында көрсетілуімен байланысты негізгі үрдістер анықталады және талданады. Жылдам дамып келе жатқан жоғары технологиялар мен ақпарат әлемінде білім берудің жаңа тәсілі оқушылардан пәндік салада машықтарды меңгеруді ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен сыни ойлау, оқу проблемалары мен міндеттерін шешудің жаңа тәсілдерін меңгеруді талап етеді. Әмбебап дағдыларға көбінесе көшбасшылық, креативтік (шығармашылық ойлау), өз уақытын тиімді басқару, дивергенттік ойлау, когнитивтік икемділік сияқты әлеуметтік-психологиялық дағдылар жатады.

Түйін сөздер: Оқулық, әдістемелік тәсіл, дидактикалық талап, білім беру, тәрбиелеу, дамыту, үрдіс

Rustemova Z.,¹ Duisembekova A. ²

^{1,2} Karaganda State University named after academician E.A. Buketov,
Karaganda, Kazakhstan

REQUIREMENTS FOR SCHOOL TEXTBOOKS FOR THE UPDATED EDUCATION SYSTEM

Abstract

In the article, the authors consider the reflection of trends in updating the content of General education in Kazakh school textbooks and emphasize a number of requirements for textbooks of a new format.

The educational program is included in the educational process of the updated and modern, to meet the needs of future generations of the program. The article also identifies and analyzes the main trends related to updating the content of education in the field of education and its reflection in the Kazakh educational literature. In the rapidly developing world of high technology and information, a new way of education requires students not only to master the skills of the subject area, but also to develop new approaches to solving problems and tasks of critical thinking, learning. Universal skills most often include such socio-psychological skills as leadership, creative thinking, effective time management, divergent thinking, and cognitive flexibility.

Keywords: Textbook, methodological approach, didactic requirement, education, upbringing, development, trend

Рустемова Ж. А.,¹ Дүйсембекова А. Е. ²

^{1,2} Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова,
Караганда, Казахстан

ТРЕБОВАНИЯ К ШКОЛЬНЫМ УЧЕБНИКАМ ПО ОБНОВЛЕННОЙ СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В статье авторы рассматривают отражение тенденций обновления содержания общего образования в казахстанских школьных учебниках и подчеркивают ряд требований к учебникам нового формата.

Внедренная в казахстанский учебный процесс, новая образовательная программа-это программа, соответствующая современным требованиям и удовлетворяющие потребности будущего поколения. В статье также выявляются и анализируются основные тенденции, связанные с обновлением содержания образования в области образования и его отражением в казахстанской учебной литературе. В быстро развивающемся мире высоких технологий и информации новый способ образования требует от учащихся не только овладения навыками предметной области, но и освоения новых подходов к решению проблем и задач критического мышления, обучения. К универсальным навыкам чаще всего относятся такие социально-психологические навыки, как лидерство, креативное (творческое мышление), эффективное управление своим временем, дивергентное мышление, когнитивная гибкость.

Ключевые слова: Учебник, методический подход, дидактическое требование, образование, воспитание, развитие, тенденция

Кіріспе. Қазақстанның орта білім беру жүйесінің жаңартылған мазмұнға көшуі нәтижесінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары орта білім беру мазмұнына маңызды тұжырымдамалық өзгерістер енгізді. Жаңа ақпараттық заман білім мазмұны мен сапасына жаңа талаптар қойып отыр. Осы өзгерістерге сәйкес жаңа форматтағы оқулықтар әзірленіп, олардың мазмұнын жобалауда жаңа әдістемелік тәсілдер іске асырылды және оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың критериялды жүйесі енгізілді.

Әдістеме. Жаңа мазмұндағы оқу әдебиетін әзірлеудің күрделі және көп қырлы процесс екендігі белгілі. Жаңа форматты оқулықтарды дайындауда педагогика, психология ғылымдарындағы соны жаңалықтар мен тұжырымдар негізге алынды. Егер дәстүрлі оқулықтар репродуктивті монологиялық сипатта болса және негізінен оқушыларға дайын түрде жазылған оқу материалдарын, мәтіндерді және ғылыми ережелерді ұсынса, жаңа оқулықтар оқушының өзіндік оқу-танымдық және шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру ресурсы болып табылады. Дәстүрлі оқулықтар оқушылардың өзіндік ойлауы мен ізденуіне, шығармашылықпен жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызбайтын және көлемді теориялық материалдар көп берілгендіктен, олар ақпарат көзі қызметін ғана атқарды.

Талқылау. Оқулықтың құрастырылуында оның дидактикалық аппаратына және дидактикалық қызметінің жүзеге асырылуына басты назар аударылуы қажет. Оқулықтың дидактикалық аппаратына бірнеше талап қойылады. Оқулықтың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, үлгілік оқу бағдарламасы мен үлгілік оқу жоспарына сәйкес болуы – басты талап.

Екінші талап – оқулық құрылымына қойылатын талап. Оқулықтағы оқу материалы логикалық бірізділікпен орналасуы қажет. Жаңа форматтағы оқулықтың материалдары дидактикалық талаптарға сәйкес (мәтін, әдістемелік және бағдар беретін аппарат, көрнекілік және т.б.) бөлімдерге, тарауларға, тақырыптарға, параграфтарға бөлінеді. Әрбір бөлік аяқталған жеке құрылым ретінде басқалармен өзара байланысты болуы тиіс және материалдың сипатына байланысты қайталану принципіне құрылуы тиіс. Оқулықты белгілі бір дидактикалық функцияларды орындайтын мәтіндер мен мәтіннен тыс компоненттер жүйесі ретінде қарастыруға болады. Оқулықтың сапасы көбінесе мәтін сапасына байланысты. Мәтін шартты түрде тексеріледі және мазмұндық-әдістемелік және лексикалық-синтактикалық, стилистикалық көзқараспен бағаланады.

Үшінші талап оқулық мазмұнына қатысты қойылады. Оқулықтың мазмұнына ғылым мен технологияның, әдістің дамуы, білім беру парадигмасының ауысуы әсер етті. Жаңартылған мазмұнның бағдарламалары, сондай-ақ, оқулықтар С.Б.Блумның оқыту мақсаттарының таксономиясы негізінде құрылған оқу мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған: білім, түсіну, қолдану, талдау, синтез және бағалау. Бұл тұрғыда оқулықты белгілі бір пәндік саладағы мәтіндер, иллюстрациялар, практикалық тапсырмалар түрінде бекітілген элеуметтік тәжірибенің барлық компоненттерінің шоғырланған, педагогикалық бейімделген өрнегі ретінде қабылдауға болады. Оқулықтың тұжырымдамасына, оның функцияларына, оның құрамдас бөліктеріне қойылатын

психологиялық-педагогикалық талаптар оқулықтың мазмұнын құрастырудың, жалпы құрылымдық компоненттерін ұйымдастырудың теориялық және әдістемелік негізі болып табылады.

Оқулықтың меңгерту аппаратына қатысты да талап ұсынылып отыр. Меңгерту аппараты оқу мазмұнын тиімді меңгеруді қамтамасыз ететін тапсырмалардан, жаттығулардан, есептерден, көрнекі иллюстрациялық материалдардан тұрады. Қазіргі оқулықтарға оқушының өзіндік оқу және зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын дамытуға, оның сыни ойлауын, талдау және ойлау қабілетін дамытуға бағытталған әр түрлі және түрлі деңгейдегі тапсырмалар, жаттығулар, практикалық жұмыстар мен жобалар көптеп енгізіліп отыр. Логикалық және аяқталған тақырыптық блоктар, жаңа кластерлерге көшу логикалық байланыстардың көмегімен жүзеге асырылады. Мәтін мен иллюстрацияларға қатысты берілген тапсырмалар мен сұрақтар білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырады. Оқулық оқушылардың өз бетінше білім алуға деген ынтасы мен бейімділігін, білім алуға деген қажеттілігін, ғылыми зерттеулерге деген қызығушылығын қалыптастыруы тиіс. Ол өмірлік жағдайларда алған білімдерін қолдануға мүмкіндік беруі тиіс. Пәнді оқу кезінде игерілген ақпараттың міндетті көлемін анықтай отырып, оқулық оқушылардың өмірлік жағдайларда пәнді оқу кезінде алған білімдерін қолдану қабілетін қалыптастыруы тиіс. Бұл функция оқу процесінде білім берудегі тиімділікке қол жеткізуге және оқушылардың дамуында оң өзгерістерге қол жеткізуге бағытталған.

Оқулықтың қабылдау аппаратына қойылатын талап та бастылардың бірінен саналады. Оқулықтар әдеби тіл нормаларын қатаң ұстануы керек. Ережелерді, оның ішінде пунктуациялық ережелерді мүлтіксіз сақтау – оқулыққа қойылатын басты талаптардың бірі. Өйткені қателер, кемшіліктер, оқшылықтар оқушылардың мәтінді дұрыс түсінбеуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, оқулықтағы орфографиялық қателерді оқушы норма деп қабылдауы мүмкін. Оқулықтарды жазу кезінде сөйлемнің ұзындығына, әр сөйлемдегі сөздердің санына, күрделі сөйлемдердің түрлері мен құрамына үлкен мән беру керек. Білім алушылардың психологиялық-физиологиялық және жас ерекшеліктерін есепке алу, яғни кіші мектеп жасындағы ерекшеліктерді, орта мектеп жасындағы ерекшеліктерді, үлкен мектеп жасындағы ерекшеліктерді есепке алу қажет. Материалдың ғылымилығы негізділік дәрежесін ескеру дегеніміз – әдіснамалық және терминологиялық сауаттылық. Оқулықтың оқу материалын беруде ғылыми деңгей қажет. Автордың білім мазмұнын оқу кезеңіне және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес баяндауы, материалдың түсінікті және қызықты болуы талап етіледі.

Оқулықтың бағдарлау аппараты, яғни ондағы шартты белгілер, рубрикация, қаріптік және түрлі-түсті белгілер, сигналдар мен символдар, библиография, колонтитул, арнайы нұсқаулар, пәндік және атаулық көрсеткіштер басты назарда болуы тиіс. Ал иллюстративті материал мен графикалық материалдар оқулыққа оқу мазмұнын меңгертуге көмектесу мақсатында енгізілуі керек. Оқулықтағы электрондық қосымшаның да маңыздылығы жоғары. Ол оқулық құрылымы мен мазмұнына сәйкес келуі керек. Оқытудың жүйелі-әрекеттік тәсіліне көшу нәтижесінде қазіргі заманғы оқулық ынталандырушы, диалогты дамытушы сипатқа ие болды. Сол себепті оқу материалдары электрондық, мультимедиялық қосымшалармен толықтырылған және олар сұқбаттастыққа, интерактивтілікке негізделген. Оқулық көлеміне және оның безендірілуінің әдістемелік тұрғыдан мақсатқа сәйкестігіне және қолдануға ыңғайлылығына, яғни оқулық эргономикасына қойылатын талап та басты талаптардың бірі болып саналады.

Педагогикалық ғылымда Я.А.Коменскийдің дидактикалық энциклопедиясы, И.Ф.Гербартың дидактикалық формализмі, Д.Дьюи, Кершенштейнердің дидактикалық утилитаризмі немесе прагматизмі, К.Сосницкий структурализмі, Лернердің жүйелі-әрекеттік тәсілінің негізінде құрылған білім беру мазмұнының теориясы, М.Н.Скаткин және В.В.Краевскийдің, Б.Блумның жүйелі-әрекеттік тәсілінің негізінде құрылған білім беру мазмұнының теориясы тәрізді білім беру мазмұнын қалыптастыруға әсер ететін түрлі дидактикалық теориялар бар[1]. Мазмұндағы басымдықтарды анықтаудағы әртүрлі тәсілдеріне қарамастан бұл теорияларға ортақ нәрсе жалпы білім беру, оның құрамында білім, білік және дағды, құндылықтар, қабілеттілікті дамыту, яғни адамның әлеуметтік тәжірибесінің құрамдас бөліктері болып табылады.

Педагогикалық процесс білім беру, тәрбиелеу, дамыту қызметтерін орындайды. Сондай-ақ, әлеуметтік қызметті де атауға болады[2]. Демек, оқулық оқыту құралы ретінде көрсетілген қызметтерді жүзеге асыруға ықпал етуі тиіс. Сонымен қатар, оқулықтың оқыту құралы ретінде дидактикалық өз қызметтері де бар. Олар – үйлестіруші қызмет, жүйелендіруші қызмет, ақпарат беруші қызмет, ынталандырушы қызмет, дамытушы қызмет, түрлендіруші қызмет, құндылыққа

бағытталған қызмет, өздігінен білім алуға бағыттаушы қызмет, кіріктіруші қызмет және бақылау-түзетуші қызмет. Үйлестіруші қызмет анықтағыштар, иллюстрациялар, электрондық ресурстар және т.б. түрлі оқыту құралдарын қолдануға ықпал етсе, жүйелендіруші оқу материалдарының жүйелілікпен, бірізділікпен ұсынылуын қамтамасыз етеді. Ақпарат беруші қызмет бойынша пән мазмұны сөзбен және көрнекі түрде беріледі. Оқулықтың ынталандырушы қызметі оқу материалдарының оқушылардың өздігінен білім алуға ынтасын ояту ерекшелігінен көрінеді. Дамытушы қызмет оқушылардың зияткерлік қабілеттеріне, жеке қасиеттеріне, практикалық, коммуникативтік дағдыларының дамуына әсер етеді. Түрлендіруші қызмет бойынша оқу материалдары педагогикалық өңделуден өткізіліп барып пайдаланылады. Құндылыққа бағытталған қызмет арқылы оқушылардың жеке және әлеуметтік қасиеттерін дамыту мақсат етілсе, өздігінен білім алуға бағыттаушы қызмет оқушылардың өздігінен білім алуын жүзеге асырады. Оқушыларға басқа білім беру дереккөздерінен қосымша ақпарат алуды үйрететін – кіріктіруші қызмет. Бақылау-түзетуші қызмет оқушыларға өзін-өзі бағалауға және функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға арналған тапсырмалар орындау мүмкіндігін береді.

Білім беру саласында білім беру мазмұнын жаңартумен және оның қазақстандық оқу әдебиетінде көрсетуімен байланысты көрініс тапқан бірнеше үрдісті атап өтуге болады:

Бірінші үрдіс халықаралық зерттеулерде тексерілетін практикалық-бағдарлануды күшейтуге, оқулықтарда тәжірибелік-бағдарлы тапсырмалардың едәуір санының пайда болуына бағытталған. Жалпы білім беру мазмұнын әзірлеу кезінде білім беру-тәрбие қызметінің қаржылық сауаттылықты, салық сауаттылығын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру сияқты қолданбалы түрлерін күшейтуге байланысты білім беру мазмұнын жаңарту үрдістерін ескеру қажет. Қазіргі уақытта білім беру сапасының деңгейін анықтау үшін PISA, TIMSS, PIRLS және т.б. сияқты халықаралық зерттеулер жүргізілуде. Олардың көрсеткіштері елдегі білім беру сапасының деңгейін анықтайды және олардың бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Сондықтан оқулық материалдары оқушылардың халықаралық зерттеулерде жоғары нәтижелер алуына бағытталуы тиіс.

Екінші үрдіс оқу мазмұнының әртүрлі компоненттерінің арақатынасының өзгеруіне байланысты көрінеді. Оқулықтарда бірқатар пәндер бойынша авторлық мәтіннің қысқаруы байқалады, сонымен қатар басқа материалдардың, атап өтсек, иллюстрациялардың, кестелердің, графиктердің, схемалардың, символдық бейнелердің және т.б. артуы байқалады. Оқу кітабының осы компоненттеріне арнайы тапсырмалар ұсыну оларды иллюстрациялық материал ретінде ғана емес, қосымша ақпарат көзі ретінде де пайдалануға мүмкіндік береді. Мектеп оқулықтарына арналған көрнекі материалдар (иллюстрациялық материалдар) оқулықтың құрамдас, міндетті бөлігі болып табылады. Мұндай материалдар оқулықтың мазмұнын дәл және бейнелі түрде ашуға көмектеседі, оқылатын нысанның көрінісін және сипаттама мәтінін түсінуді жеңілдетеді. Бұл тұрғыда әдіскер Қ.Бітібаеваның «Көрнекілік білім мазмұнын байыта түседі. Есту арқылы алған білімін көру арқылы бекіте түседі. Көрнекіліктер оқушылардың ынтасын, қызығушылығын арттырады, ойлау, таным белсенділіктерін, көркем тілін дамытады. Эмоциясына әсер етеді. Алған білімдерін тәжірибеде жүзеге асыруға жетелейді, т.с.с.» деген [3;261] тұжырымдарын еске түсірудің реті бар.

Үшінші үрдіс білім беру мазмұнында көрсетілген пәнаралық байланыстың күшеюімен, оқулықтарда әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыруға бағытталған пәнаралық негізде тапсырмалар блоктарының күшеюімен байланысты. Оқулықта пәнішілік және пәнаралық байланыстар іске асырылуы тиіс және оқу материалдарында баяндалған білімдерге аралас ғылымдардан қосымша ақпаратты қосу мүмкіндіктері бар. Басқа ғылым салаларынан білімдерін пайдалану негізінде шешілетін тапсырмалар, сондай-ақ, интегративті шығармашылық тапсырмалар қарастырылғаны жөн.

Төртінші үрдіс жаратылыстану-ғылыми оқулықтарда ғылым мен технологиялардың қазіргі заманғы жетістіктерін көрсетуді жүзеге асырады. Жаратылыстану-ғылыми пәндердің мазмұнын біріктіретін оқулықтар жасалуда және жекелеген пәндер бойынша оқулықтардың мазмұны жетілдірілуде. Оқулық оқу материалын баяндаудағы ғылыми және проблемалық тәсілдерді жүзеге асырады, сыни ойлау, белсенді және интерактивті оқыту стратегиялары мен технологияларын қолдану мүмкіндігін ұсынады. Оқу, шығармашылық, практикалық, жобалық, зерттеу дағдыларын ынталандырады [2].

Қорытынды. Оқулық материалдары оқушыларға ғылыми білімді меңгертуде, олардың дүниетанымын қалыптастыруда рухани құндылықтарға және адамгершілік қасиеттерді, тұтас гуманистік дүниетанымды тәрбиелеуге, білім алушыларда толеранттылықты, ұлтаралық және конфессияаралық диалогты қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Шалғынбаева Қ.Қ., Албытова Н.П., Сламбекова Т.С. Педагогика. –Астана, 2014. -кітап
- 2 Білім беру ресурстарын жетілдіру: тәжірибе және болашағы тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (18-19 сәуір, 2019 ж.)/ под ред. – С.К.Омарова. Нұр-Сұлтан: «Оқулық» РҒПО, 2019. – 451 б. Конференция материалдары
- 3 Бітібаева Қ.О. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы. Бірінші кітап. –Алматы:Дәуір-Кітап, 2012. -кітап.

References:

- 1 Şalğynbaeva Q.Q., Albytova N.P., Slampekova T.S. Pedagogika. –Astana, 2014. -kitap
- 2 Bilim beru resurstaryn jetildiru: täjiribe jäne bolaşaqy taqyrybyndağy halyqaralyq ғылыми-практикалық конференция материалдары (18-19 säuir, 2019 j.)/ pod red. – S.K.Omarova. Nür-Sülтан: «Oqulyq» RĜPO, 2019. – 451 b. Konferensia materialdary
- 3 Bitibaeva Q.O. Qazaq ädebietin tereñdetip oqytudyñ innovasiyalıq ädistemesi men tehnologiasy. Birinşi kitap. –Almaty:Däuir-Kıtap, 2012. -kitap.